

**Батыс Қазақстан инновациялық – технологиялық университетінің
2023 жылдың 21 ақпанындағы Ғылыми кеңесі отырысының**

**№ 6А хаттамасынан
Көшірме**

Төрайымы - Шакешев Б.Т.

Хатшы - Абуова Ж.У.

Қатысқандар: Ғылыми кеңестің 29 мүшелері (29 адам)

Қатыспағандар: жоқ

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Мәжіліс және жергілікті өкілді органдар-мәслихаттар депутаттарын кезектен тыс сайлауы бойынша сайлау науқаны туралы.

ТЫНДАЛДЫ:

1. Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің Ғылыми кеңесінің отырысында ҚР Парламентінің төменгі палатасы – Мәжіліс және жергілікті өкілді органдар-мәслихаттар депутаттарын кезектен тыс сайлауы бойынша сайлау науқаны туралы мәселе қаралды. Өз сөзінде университет ректоры Б. Т. Шакешев университет бөлімшелерінің барлық басшыларына оқу процесі кезінде университеттің барлық ғимараттары мен жатақханаларында, аудиторияларында кандидаттардың сайлаушылармен кездесулеріне рұқсат бермеуді, сайтта немесе өзге де ақпараттық алаңдарда (әлеуметтік желілердің беттерінде) кандидаттардың үгіт-насихаттық немесе өзге де ақпараттарын орналастырмауды, сондай-ақ университеттің барлық ғимараттарында жарнамалық плакаттар, стендтер, буклеттер және / немесе үгіт ақпаратының өзге де түрлерінің орналасуына жол берілмеуі қажеттігін тапсырды.

ҚАУЛЫ:

1. Оқу процесі кезінде университеттің барлық ғимараттарында кандидаттардың сайлаушылармен кездесулеріне рұқсат берілмесін.

2. Университет сайтында немесе өзге де ақпараттық алаңдарында (әлеуметтік желілердің беттерінде) кандидаттардың үгіт-насихаттық немесе өзге де ақпараттары орналастырмасын.

3. Университеттің барлық ғимараттарында депутаттыққа үміткерлердің жарнамалық плакаттары, стендтері, буклеттері және / немесе үгіт-насихат ақпаратының өзге де түрлерінің орналасуына рұқсат берілмесін.

Ғылыми кеңес хатшысы  Абуова Ж.У.



<i>Ж. У. Абуова</i>	
ҚОЛЫН КҮӨЛАНДЫРАМЫН	
Өкімшілік бөлімінің бастығы	<i>Смауіл</i>
21	02 2023 ж.
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ	